г. Шымкент,
мкр. Жайлау ул. Кажымуканова 2В
БИН 980240000198,
р/с KZ38965F010001445857 АО «ForteBank»
Жауапкершілігі шектеулі серіктестігі · Товарищество с ограниченной ответственностью АСЫЛ

Шымкент қаласы

Бұйрық

«02» 09 2025ж. №12

Әдіс бірлестік жетекшілерін бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 29.11.2007 жылғы «Оқу әдістемелік жұмысты ұйымдастыру және жүзеге асыру ережесі» туралы №583 санды бұйрығымен бекітілген-әдістемелік жұмысты ұйымдастыру мақсатында және жүзеге асыру ережесіне сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1.Мектепте төмендегі үш әдістемелік бірлестік құрылып,оған мына құрамда бірлестік жетекшілері тағайындалсын.

1.Қоғамдық және жаратылыстану бағыт пәндерінен Курбанова Марал;

2.Бастауыш сыныптары Ахмет Жұлдыз.

2.Әдістемелік бірлестіктердің жоспары түзіліп,мектептің әдістемелік кеңес отырысында талданып бекітілсін.

3.Осы бұйрықтың орындалуын қадағалауды директордың оқу ісі жөніндегі Г.Мырзабековаға жүктелсін.

Мектеп директоры **Б.Т.Адильбекова**

БЕКІТЕМІН
Асыл «Раушан Үкібас»
жекеменшік негізгі
мектеп директоры
_____ Б.Т Адильбекова
«02» ____09____ 2025ж

ТОО Асыл «Раушан Үкібас» негізгі орта жекеменшік мектебінің әдісбірлестік жетекшісінің сапалық құрамы 2025-2026 оқу жылы

№	Мұғалімнің толық аты- жөні	Туған жылы күні, айы	Бітірген оқу орны жылы, №	Күнді згі, сыртт ай	Маман дығы	Пед өтілі	Санаты (қай жылы)	Курстан өткен жылы ,қай курстан өтті	Қай сынып тарға сабақ береді	Жүк теме саға ты	Жасы	Ұялы байланысы, электрондық почтасы
1	Құрбанова Марал Бекмуратқызы	13.09. 1999 ж	С.Аманжолов ат ШҚУ 2021ж №0001746819 3 Бакалавр магистр № 000224067624	Күнді згі 4жыл 2 жыл магис тр	Қазақ тілі мен әдебие ті	2 жыл	Педагог 2025ж	- Өрлеу 2026ж өз пәні	5-8	23	26	87477825488 bekmuratqyzy.@g mail.com
2	Ахмет Жұлдыз Оразалықызы	05.03. 1998ж	ОҚМУ 2019ж №1411149	Күнді згі	Бастау ыш	3 жыл	Педагог 2023ж	Инклюз ивті білім беру курсы 2024ж	2 «а»	19	27	87785042094 ahmetjuldyz46@g mail.com

«Бекітемін»
Мектеп директоры
Б.Т.Адильбекова
29.08.2025 жыл

Асыл ЖШС «Раушан Үкібас» негізгі орта білім беретін мектебі 2025-2026 оқу жылындағы әдістемелік кеңес отырысының жылдық жұмыс жоспары

Мектепішілік бақылаудың мақсаты:

Мектептегі педагогикалық процесті қызмет етуі мен дамуының мемлекеттік білім беру стандарттарының талаптарына сәйкес келуіне қол жеткізу, оқушылардың ерекшеліктерін, қызығушылықтарын, білім алу мүмкіндіктерін, денсаулық жағдайын ескере отырып, білім беру процесін одан әрі жетілдіру.

Мектепішілік бақылаудың міндеттері:

1. Қазақстан Республикасының Білім туралы заңының, нормативтік құжаттардың, педагогикалық кеңестің бұйрықтары мен шешімдерінің орындалуын бақылау, педагогикалық қызметкерлердің қызметінің нәтижелерін талдау және сараптамалық баға беру.

2. Оқушылардың білім сапасын арттыруда жазба сабақтарда оқушылардың функционалдық сауаттылықтарын дамыту, психологиялық бейімдеу жүйелерін және жаңалық құралдарын арттыру жұмыстарын жүйелеу;

3. Жаратылыстану – математикалық бағытта пәндерден оқушылардың білім сапасын арттыру мен білім олқылықтарын толықтыру жұмыстарын кеңейту;

4. Оқушылардың білім сапасын жүргізілген жүйелі мониторинг нәтижелерін талдау және оларды әдістемелік бірлестікте талқылау.

5. Дарынды балаларға білім берудің вариативтілігін және көп деңгейлілігін қамтамасыз ететін жағдайлар жасау;

6. Педагогикалық ұжым мүшелерінің кәсіби білімділігін және шеберлігін дамыта отырып, сапартан көру жұмыстарын жүйелі түрде ұйымдастыру;

7. Оқыту мен оқуда заманауи тәсілдерді қолдануда, кедергілерді анықтау және оларды түзетуде мұғалімдердің даярлығы деңгейін тиімділігін мониторингілеуді ұйымдастыру.

Жұмыстың мазмұны	Мерзімі	Орындаушылар
№1 әдістемелік кеңес		
1. Мектептің 2025-2026 оқу жылына арналған әдістемелік жұмыс жоспарын қарастыру. 2. Пәндік апталықтарды өткізу жоспарын бекіту. 3. Тәлімгерлікті ұйымдастыру.	Тамыз	Директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары Г.Мырзабекова
№2 әдістемелік кеңес		
1. Пән бойынша күнтізбелік-тақырыптық сабақтардың техникалық талаптарын жүргізудің ережелері мен нұсқаулықтары. 2. Көркем еңбек, дене шынықтыру сабағы техникалық қауіпсіздікті сақтау ережелерін жүргізу 3. Мектепішілік, қалалық пән олимпиадасына және оқушылардың ғылыми-зерттеу жұмыстарына дайындық барысы. 4. Жас мамандар мен жаңадан келген мұғалімдердің кәсіби құзыреттілік деңгейімен танысу.	Қыркүйек	Директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары Г.Мырзабекова
№3 әдістемелік кеңес		
1. Тоқсанның қорытындысы бойынша жиынтық бағалау нәтижелері. 2. Физика, химия, биология, география пәні мұғалімдерінің 7-сыныптардағы жұмыс үлгісі. 3. Оқушылардың біліміндегі олқылықтарды толықтыру бойынша ағылшын тілі пәні мұғалімдерінің жұмыс жүйесі. 4. 1-сынып, 5-сынып оқушыларын жоспар негізінде бейімдеу бойынша ұсыныстардың орындалуы. 5. Жас мамандар мен жаңадан келген мұғалімдерарасында «Оқыту үдерісін жоспарлауда қалыптастырушы бағалаудың маңызы»	Қазан	Директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары Г.Мырзабекова
№ 4 әдістемелік кеңес		
1. 2-4 сынып оқушыларының оқу жылдамдығын тексеру. 2. I тоқсан қорытындысы бойынша төмен көрсеткіш көрсеткен пәндердің жүргізілуін бақылау 3. Ағылшын тілі пәні мұғалімдерінің жұмыс жүйесінің тиімділігі 4. 5-8 сыныптарда кәсіби бағдар беру жұмысының жүргізілу барысы	Қараша	Директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары Г.Мырзабекова
№ 5 әдістемелік кеңес		
1. Тоқсандық қорытындысы бойынша жиынтық бағалау нәтижелері 2. Оқушылардың біліміндегі олқылықтарды толтыру бойынша қазақ тілі пәні мұғалімдерінің жұмыс жүйесі 3. Педагогтердің дарынды балалармен жұмысына талдау 4. Біліктілік санаты жоқ қызметкерлердің санатын талдау	Желтоқсан	Директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары Г.Мырзабекова
№ 6 әдістемелік кеңес		
1. II тоқсан қорытындысы бойынша төмен көрсеткіш көрсеткен пәндердің жүргізілуін бақылау	Қаңтар	

2. 5-8 сынып оқушыларының математикалық сауаттылығының даму деңгейі		
№ 7 әдістемелік кеңес 1.Дүниетану пәнінен оқушылардың біліміндегі олқылықтарды толтыру бойынша бастауыш сынып мұғалімдерінің жұмыс жүйесі.Жаратылыстану - ғылыми сауаттылық бойынша сабақта тапсырмалардың енгізілуі 2.Әдебиеттік оқыту пәнінің берілуі (2-4 сыныптар)	Ақпан	Директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары Г.Мырзабекова
№ 8 әдістемелік кеңес 1. Тоқсан қорытындысы бойынша жиынтық бағалау нәтижелері 2. 5-8 сыныптарда кәсіби бағдар беру жұмысының жүргізілу барысы 3. Жас мамандармен жұмысы 4. 5-8 сынып оқушыларының оқу сауаттылығының даму деңгейі	Наурыз	Директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары Г.Мырзабекова
№ 9 әдістемелік кеңес 1. 5-8-сыныптарда тарих пәнінен сауаттылықтарын анықтау 2. III тоқсан қорытындысы бойынша төмен көрсеткіш көрсеткен пәндердің жүргізілуін бақылау 3. Жас мұғалім мектебінің жұмысы 4. Мектептің даму жоспарының іске асу әлеуетін арттыру 5. Педагогтердің дарынды балалармен жұмысын талдау	Сәуір	Директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары Г.Мырзабекова
№ 10 әдістемелік кеңес 1. Тоқсанның қорытындысы бойынша жиынтық бағалау нәтижелері 2. Озық тәжірибелі мұғалімдердің іс-тәжірибесін мектепшілік деңгейде тарату. 3. Әдістемелік бірлестіктердің жұмыс жоспарының орындалуы туралы есеп. 4. Пән апталықтарының қорытындысы. 5. Мұғалімдердің тамыз кеңесіне дайындығы. 6. Әдістемелік кеңес пен ӘБ жұмысын келесі оқу жылына жоспарлау 7. Мұғалімдердің жауапкершілігі мен жұмыс тиімділігіне мониторинг жасау	Мамыр	Директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары Г.Мырзабекова

Дайындаған ДОІЖО Г.Мырзабекова

БЕКІТЕМІН
Асыл «Раушан Үкібас»
жекеменшік негізгі
мектеп директоры
_____ Б.Т.Адильбекова
«05» 09 2025ж

Асыл «Раушан Үкібас» негізгі жекеменшік мектебі 2025-2026 оқу жылындағы атқарылатын іс шаралар жоспары

№	Өткізетін іс-шаралардың атауы	Мерзімі	Жауаптылар
1	Білім күні «Мектебім -мейірім мекені»	02.09.2025ж	ДОТІЖО, сынып жетекшілер
2	Тілдер күні «Тіл -тірегім» «Тіл достықтың дәнекері»	06.09.2025ж 20.09-25.09.2025ж	ДОТІЖО,ДОІЖО сынып жетекшілер,қазақ .орыс,ағылшын тілі пән мұғалімдері
3	Қарттар күні «Қарттарым асыл қазынам»	01.10.2025ж	ДОТІЖО,сынып жетекшілер
4	Ұстаздар күні «Ұстаз- ұлы тұлға» «Тіл достықтың дәнекері»	03.10.20205ж	ДОТІЖО,сынып жетекшілер
5	Мектепшілік «Үздік сынып жетекшісі» байқау өткізу	28.10.2025ж	ДОТІЖО,сынып жетекшілер
6	Мектепшілік мұғалімдердің пәндік олимпиада өткізу	30.10.2025ж	ДОІЖО, әдіс бірлестік жетекшілер
7	Ашық еесік күні «Оқыту мен оқудағы жаңа тәсілдерді сабақта тиімді пайдалану»	10.11-21.11.2025ж	ДОІЖО, әдіс бірлестік жетекшілер 2-8 сынып пән мұғалімдер
8	Мектепшілік оқушылардың пәндік олимпиадасын өткізу	04.12.-05.12	ДОІЖО,әдіс бірлестік жетекшілер
9	«Тәуелсіздік -тұғырым!»	14.12-15.12.2025 ж	ДОТІЖО, сынып жетекшілер
10	«Қош бол сүйікті әліппе»	19.12.2025ж	ДОТІЖО, сынып жетекшілер
11	Кел жаңа жыл «Ғажайыпқа толы жаңа жыл!»	24.12.2025ж	ДОТІЖО, сынып жетекшілер
12	«Жасанды интеллект: білім берудегі тәжірибе алмасу»	08.01.2026ж	ДОІЖО, әдіс бірлестік жетекшілер

13	«Тіл-достықтың дәнекері», «Бастауыш -білім бұлағы», «Жаратылыстан үйренбеген жасампаз»	19.01-05.02.2026ж	1-8 сынып пән мұғалімдер ДОІЖО,бастауыш сынып,қоғамдық және жаратылыстану пән мұғалімдері
14	Алғыс айту күні «Алғысым шексіз»	02.03.2026 ж	ДОТІЖО, сынып жетекшілер
15	Халықаралық әйелдер күні «Ана гүл.ана- өмір шуағы»	05.03-06.03.2026	ДОТІЖО, сынып жетекшілер
16	«Әз наурыз» Қош келді,әз Наурыз»	17.03-18.03.2026.	ДОТІЖО, сынып жетекшілер
17	Ғарышкерлер күні	10.04.2026ж	ДОТІЖО, сынып жетекшілер
18	«Шыныққсан шымыр боласын»	13.04-17.04.2026ж	ДОІЖО дене шынықтыру пән мұғалімі
17	Ашық есік күні «Жаңа технологияны қолданудың маңызды»	20.04.-24.04.2026ж	ДОІЖО, әдіс бірлестік жетекшілер 2-8 сынып пән мұғалімдер
18	Халықаралық бірлік күні «Бірлік ынтымақ күні»	30.04.2026ж	ДОТІЖО,сынып жетекшілер
19	Отан қоғаушылар күні «Біз Отанның сарбазы»	05-06.2026ж	ДОТІЖО,сынып жетекшілер
20	Жеңіс күні «Ұлы жеңіс-жасасын»	08.05.2026ж	ДОТІЖО,сынып жетекшілер
21	Қош бол бастауыш	15.05.2025 ж	ДОІЖО,сынып жетекшісі
22	Сыңғырла соңғы қоңырау	25.05.2026ж	ДОТІЖО, ДОІЖО сынып жетекшілер

Дайындаған. ДОІЖО Г.Мырзабекова,ДОТІЖО М.Каражигитова,

Асыл ЖШС «Раушан Үкібас» негізгі орта білім беретін негізгі жекемнешік мектебі

Әдістемелік кеңес отырысының

№1 хаттамасы

Қатысқандар 18

Күні: 28 тамыз 2025 жыл
Уақыты: 11-00
Өткізілген орны: Физика кабинеті
Қатысқандар: Мектеп директоры Б.Т.Адильбекова, директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары, ӘБ жетекшілері,пән мұғалімдер.

Күн тәртібі:

1. Мектептің 2024-2025 оқу жылына арналған әдістемелік жұмыс жоспарын талқылау.
2. Пәндік апталықтарды өткізу жоспарын бекіту.
3. Тәлімгерлік жұмысты ұйымдастыру.

Отырыс барысы:

Бірінші мәселе бойынша Мектептің 2025-2026 оқу жылына арналған әдістемелік жұмыс жоспарын талқылау

Директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары Мырзабекова Гүлнар апай мектептің жаңа оқу жылына арналған әдістемелік нұсқау хатпен таныстырды. ӘНХ білім беруді ұйымдастыру ерекшеліктерін түсіндіруге бағытталған білім беру ұйымдарындағы процесс (бала бақшалар мен мектептер). ӘНХ 7 бөлімнен тұратындығына тоқталып өтті. Және жоспар бойынша жұмыстар әзірлеу керектігін атап айтты. Орта білім беру ұйымдарында 2025-2026 оқу жылының демалыстарының басталу және аяқталу кестесін таныстырды.
2025-2026 оқу жылында білім беру процесін ұйымдастырудың ерекшеліктерін атап айтты.

Екінші мәселе педкеңістің шешімі бойынша ӘК төрайымы болып директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары Г.С.Мырзабекова болып сайланды. Пәндік апталықтарды өткізу жоспарын бекіту. Пән мұғалімдері пәндік апталықтардың өткізілу мерзімдері мен жоспары талқылады. Әр пәнге жеке жауапты бірлестік жетекшілері бекітілді.
1.Бастауыш сыныптар бірлестігі – Ж.Ахметова
2.Қоғамдық және жаратылыстану бағыт бірлестігі М.Курбанова
3.Дене шынықтыру және көркем еңбек, музыка пән бірлестігі – Ж.Жақсылық

Үшінші мәселе бойынша тәлімгерлік жұмысты ұйымдастыру
Қазіргі уақытта жас мамандар мен жаңадан келген мұғалімдерге тәжірибелі мұғалімдерден тәлімгерлер бекітілілетіні айтылды.

Үшінші мәселе бойынша тәлімгерлік жұмысты ұйымдастыру
Қазіргі уақытта жас мамандар мен жаңадан келген мұғалімдерге тәжірибелі мұғалімдерден тәлімгерлер бекітілілетіні айтылды.

.Мектептің өндірістік жоспарына сай белгіленіп, бекітілді. ӘБ жетекшілерінін жоспарлары ӘК-те каралып, талкыланып бекітілді. Әрбір ӘБ жетекшісі оз мүшелерімен жиналыс жасап, күнтізбелік жоспарларын бекіттіріп, сагат санын түгелдеді.

Директордын оқу ісі жөніндегі орынбасары «Тілдер мерекесіне арналан мектепішілік іс-шаралар өткізу 2025 ж. 4-15 кыркүйек күндері аралығында «Тіл - достықтың дәнекері !» апталығы жоспарланды. ӘБ мүшелері өз кезегінде жоспарларын жасап, іс-шараларын өткізеді және қазақ тілі, орыс тілі және ағылшын тілі бірлестіктеріне жүктелді

Республикалық пәндер олимпиадасына 2-8 сынып оқушыларын дайындау пән мұғалімдері мен ӘБ жетекшілеріне тапсырылды. Ол үшін оқушыға арналған жеке индивидуалды жоспар, окушы портфолиосы, окушы орындайтын тапсырмалар болуы керек. Сол бойынша окушыны жаксы дайындықпен пән олимпиадасына қатыстыру тапсырылды.

Директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары Г.Мырзабекова Оқу жоспарындағы вариатив бөліміндегі тандау пәндері мен элективті курстар бойынша 7-8 сыныптарда мына төмендегі мұғалімдердің багдарламалары бекітілді:

Инвариантты компоненттен таңдау бойынша 7 «а» сыныбында қазақ әдебиеті (таңдау), орыс тілі (таңдау), ағылшын тілі (таңдау) пәндері аптасына 1 сағаттан алынды.

1	Қазақ тілі	«Мәнерлеп оқу»	7 «а»	Бейсенбі	14:10 15: 00
2	Орыс тілі	«Язык мой-друг мой»	7 «а»	Сәрсенбі	14:10 15: 00
3	Ағылшын тілі	«English grammar»	7 «а»	Дүйсенбі	14:10 15: 00
4	Алгебра	«Жас математик»	8 «а»	Бейсенбі	14:10- 15: 00
5	Физика	«Физика әлемінде»	8 «а»	Дүйсенбі	15: 00
6	Химия	«Жас химик»	8 «а»	Жұма	14:10 15:00
7	Дене шынықтыру	Спорттық ойындар	5 «а»,6 «а», 7 «а»,8 «а»	Сейсенбі Жұма	14:10 15:00

Қаулы:

1. Мектептің 2025-2026 оқу жылына арналған әдістемелік жұмыс жоспары бекітілсін.
2. Пәндік апталықтарды өткізу жоспары бекітіліп, жауапты мұғалімдер тағайындалсын.
3. Жас мамандар мен жаңадан келген мұғалімдерге бекітілген тәлімгерлер
4. Жұмысты жоспарға сәйкес ұйымдастырсын.

ӘК төрайымы: **Г.Мырзабекова**

Хатшы: **Ә.Дәулетқызы**

Әдістемелік кеңес отырысының

№2 хаттамасы

Қатысқандар 17

Күні: 26 қыркүйек 2025 жыл
Уақыты: 16-00
Өткізілген орны: физика кабинеті
Қатысқандар: директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары, ӘБ жетекшілері,пән мұғалімдер.

Күн тәртібі:

1. Пән бойынша күнтізбелік-тақырыптық сабақтардың техникалық талаптарын жүргізудің ережелері мен нұсқаулықтары.
2. Көркем еңбек, дене шынықтыру сабағы техникалық қауіпсіздікті сақтау ережелерін жүргізу
3. Мектепішілік, қалалық пән олимпиадасына және оқушылардың ғылыми-зерттеу жұмыстарына дайындық барысы.
4. Жас мамандар мен жаңадан келген мұғалімдердің кәсіби құзыреттілік деңгейімен танысу.

Тыңдалды

Бірінші мәселе бойынша директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары Г.Мырзабекова сөз сөйледі пән бойынша күнтізбелік-тақырыптық сабақтардың техникалық талаптарын жүргізудің ережелері мен нұсқаулықтарын талқылады.

Оқу ісінің меңгерушісі пән мұғалімдерінің күнтізбелік-тақырыптық жоспарларды құруда мемлекеттік стандарттарды сақтау қажеттілігін атап өтті.

Қазақ тілі мен әдебиеті пән әдістемелік бірлестік жетекшісі жоспарлардың мазмұнын оқу бағдарламалары мен оқушылардың жас ерекшеліктеріне сай құру керектігі туралы баяндама жасады. Пән мұғалімдері күнтізбелік жоспарларды жасақтау кезінде әдістемелік нұсқаулар мен заманауи педагогикалық технологияларды қолдану туралы ұсыныстарын білдірді.

Екінші мәселе бойынша. дене шынықтыру сабақтарында техникалық қауіпсіздік ережелерін сақтау мәселелері.Дене шынықтыру пәнінің мұғалімі Ж.Жақсылық спорт жабдықтарын қолдану кезіндегі қауіпсіздік талаптары мен жарақаттану қаупін азайтуға арналған әдістерді түсіндірді. Ол әр сабақтың алдында оқушыларды арнайы жаттығулар арқылы дайындаудың маңыздылығын атап өтті.

Үшінші мәселе бойынша мектепішілік, аудандық пән олимпиадасына және оқушылардың ғылыми-зерттеу жұмыстарына дайындық барысы.

түсіндірді. Ол әр сабақтың алдында оқушыларды арнайы жаттығулар арқылы дайындаудың маңыздылығын атап өтті.

Үшінші мәселе бойынша мектепішілік, аудандық пән олимпиадасына және оқушылардың ғылыми-зерттеу жұмыстарына дайындық барысы.

Г.Мырзабекова олимпиадаға қатысушыларды анықтап, оларға жүйелі түрде дайындық жүргізу қажеттігін айтты. Ол пән олимпиадаларының мектепішілік және аудандық кезеңдерін ұйымдастырудың негізгі талаптарына тоқталды.

Ғылыми-зерттеу жұмыстарының жетекшілері оқушылардың ғылыми жұмыстарының сапасын арттыру үшін оларға бағыт-бағдар беру, әдістемелік көмек көрсету және шығармашылық қабілеттерін дамыту бойынша ұсыныстарын білдірді.

4. Жас мамандар мен жаңадан келген мұғалімдердің кәсіби құзыреттілік деңгейімен танысу.

Бірлестікте жас мамандар тәжірбиелі мұғалімдермен жұмыс жүргізілетіндігі айтылды

Қаулы:

1.Барлық пән мұғалімдері күнтізбелік-тақырыптық жоспарларын оқу жылының алғашқы айында бекітіп, оны оқу бағдарламасына сәйкес жүргізуді қамтамасыз етсін.

2.Дене шынықтыру пәні мұғалімдері техникалық қауіпсіздік ережелерін сақтау бойынша барлық қажетті шараларды қабылдасын, әр сабақта оқушыларға қауіпсіздік ережелерін түсіндірсін.

3.Олимпиадаға және ғылыми-зерттеу жұмыстарына қатысатын оқушыларды анықтап, оларға жүйелі түрде дайындық сабақтарын ұйымдастыру міндеттелсін.

4.Әдістемелік бірлестік жетекшілері осы қаулының орындалуын бақылап, келесі кеңес отырысына дейін орындалу нәтижелері туралы есеп берсін.

ӘК төрайымы : **Г.Мырзабекова**

Хатшы: **Ә.Дәулетқызы**

Әдістемелік кеңес отырысының
№ 3 хаттамасы

Қатысқандар 17
Күні: 29 қазан 2025 жыл
Уақыты: 16-00
Өткізілген орны: Физика кабинет
Қатысқандар: директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары, ӘБ жетекшілері,пән мұғалімдер.
Күн тәртібі:
1. Тоқсанның қорытындысы бойынша жиынтық бағалау нәтижелері.
2. Физика, химия, биология, география пәні мұғалімдерінің 7-сыныптардағы жұмыс үлгісі.
3. Оқушылардың біліміндегі олқылықтарды толықтыру бойынша ағылшын тілі пәні мұғалімдерінің жұмыс жүйесі.
4. 1-сынып, 5-сынып оқушыларын жоспар негізінде бейімдеу бойынша ұсыныстардың орындалуы.
5. Жас мамандар мен жаңадан келген мұғалімдер арасында «Оқыту үдерісін жоспарлауда қалыптастырушы бағалаудың маңызы»

1-мәселе: 2025-2026 оқу жылының I тоқсанының қорытындысы бойынша білім сапасына талдау
Баяндамашы: Г.Мырзабекова – директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары
Талқыланған мәселелер:
2025-2026 оқу жылының I тоқсанында білім сапасына талдау жүргізілді.
Оқушылардың оқу жетістіктерін бағалау нәтижелері келесідей:

- Мектепте I тоқсанда жалпы оқушы саны 175 оқушы
- 1-сыныптарда бағалау жүргізілмейді.
- 2-4 сыныптарда білім сапасы – 70%
- 5-8 сыныптарда білім сапасы – 41%

2-8 сыныптардың білім сапасы -62%

I тоқсанда білім сапасы төмен сынып анықталмады
Жалпы сынып жетекшілері мен пән мұғалімдері білім сапасын арттыру мақсатында келесі жұмыстарды жоспарлады:

- Оқушылардың пәндерге деген қызығушылығын арттыру үшін қосымша сабақтар мен іс-шаралар ұйымдастыру.
- Ата-аналармен тығыз байланыс орнату және оқушылардың сабаққа дайындығын үнемі бақылауда ұстау.

Екінші мәселе бойынша: Физика, химия, биология, география пәні мұғалімдерінің 7-сыныптардағы жұмыс үлгісі
Г.Мырзабекова – директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары

2025-2026 оқу жылының мектепішілік бақылау өткізу жоспарына сәйкес, 7-сынып оқушыларының жаңадан енгізілген пәндерді меңгеру деңгейін анықтау мақсатында физика, химия, биология және география пәндерінің өткізілу сапасы зерделенді.
7-сынып оқушыларының жаңадан енгізілген пәндерді меңгеру деңгейін анықтау және пәндердің өткізілу сапасын талдау.
7-сынып оқушыларына физика, химия, биология, география пәндері енгізілді. Зерделеу барысында:

Физика пәні бойынша оқушылар механика, молекулалық физика, термодинамика, электромагнитизм, оптика негіздерін оқып, негізгі ұғымдарды меңгеруде.

Биология пәнінің мазмұны оқушылардың тірі организмдердің көптүрлілігі, табиғи құбылыстар заңдылықтары туралы білімдерін тереңдетуге бағытталған. Сабақ барысында объектілерді бақылау, талдау, жүйелеу дағдыларына мән беріледі.

География пәнінде табиғат құбылыстарын зерттеу, ақпараттарды салыстыру, карталармен жұмыс істеу сияқты дағдыларды қалыптастыруға назар аударылды.
Оқушылардың пәндерді меңгеру деңгейі орташа. Пәндерге қызығушылықты арттыру және оқушылардың тақырыптарды терең түсінуін қамтамасыз ету мақсатында қосымша әдістер қажет екендігі анықталды.

Үшінші мәселе бойынша Оқушылардың біліміндегі олқылықтарды толықтыру бойынша ағылшын тілі пәні мұғалімнің жұмыс жүйесі
Баяндамашы: Абдраманова Ақмарал Олқылықтарды анықтау жұмыстары:
Диагностикалық тестілеулер арқылы білімдегі бос орындарды анықтау.
Тапсырмаларды талдау нәтижесінде грамматика, сөздік қор және сөйлеу машығындағы мәселелерді анықтау.
Түзету жұмыстарының жоспары: Қосымша сабақтар ұйымдастыру (топтық және жеке).
Оқушылардың деңгейіне сәйкес бейімделген тапсырмалар әзірлеу.
Интерактивті әдістерді қолдану (аудио, видео, рөлдік ойындар).
Мотивацияны арттыру жұмыстары: Сыныпішілік сайыстар, ағылшын тіліндегі қойылымдар өткізу.
Оқушыларды халықаралық онлайн платформалар арқылы тәжірибе алмасуға тарту.
Ата-аналармен жұмыс: Оқушылардың ағылшын тілін меңгеру деңгейі туралы кері байланыс беру.
Ата-аналарға үйде ағылшын тілін оқуға қолдау көрсету бойынша ұсыныстар.
Төртінші мәселе бойынша Г.Мырзабекова сөз сөйледі 1-сынып оқушыларының бейімделуін жеңілдету мақсатында ұйымдастырылған шаралар: танымдық ойындар, ата-аналар жиналыстары, топтық тренингтер.

Бесінші мәселе бойынша

5-сынып оқушыларын жаңа пәндерге бейімдеу және мұғалімдермен қарым-қатынас орнатуға арналған жұмыстар (сауалнамалар, тренингтер, пәндік экскурсиялар).
Психологиялық диагностика нәтижелері бойынша қорытындылар мен ұсыныстар. .

Қаулы:

1.Пән мұғалімдері I тоқсан қорытындысы бойынша бір пәннен «3» алған оқушылардың ата-аналарымен жұмыс жүргізсін.

2. Мектеп әкімшілігі сыныптарға сабақтарына қатысып, білім алушылардың сабаққа дайындық деңгейін бақыласын.

3. Физика, химия, биология және география пәні мұғалімдері 7-сынып оқушыларымен жеке жұмыс жоспарын құрып, қосымша сабақтар ұйымдастырсын.

4 Әдістемелік бірлестік жетекшілері пәндер бойынша сабақ өткізу әдістемесін жаңарту бойынша ұсыныстар әзірлесін.

5 Ағылшын тілі мұғалімдері білімдегі олқылықтарды толықтыру жоспарын жүйелі түрде орындасын және мұғалімдердің инновациялық технологияларды қолдануын жетілдіру мақсатында тәжірибе алмасу семинарлары өткізілсін.

6 Ата-аналармен байланысты нығайту, баланың оқуға қызығушылығын арттыру мақсатында бірлескен шараларды көбейту. Қиындықтарға тап болған оқушылармен жеке жұмыстарды күшейту.

ӘК төрайымы : **Г.Мырзабекова**

Хатшы: **Ә. Дәулетқызы**

Әдістемелік кеңес отырысының

№ 4 хаттамасы

Қатысқандар 17

Күні: 21 қараша 2025 жыл
Уақыты: 16-00
Өткізілген орны: Физика кабинет
Қатысқандар: директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары директордың тәрбие істер жөніндегі орынбасары,бірлестік жетекшілер,пән мұғалімдер

1.ӘБ жетекшілері. 2-4 сынып оқушыларының оқу жылдамдығын тексеру.
2.І тоқсан қорытындысы бойынша төмен көрсеткіш көрсеткен пәндердің жүргізілуін бақылау
3.Ағылшын тілі пәні мұғалімдерінің жұмыс жүйесінің тиімділігі
4.5-8 сыныптарда кәсіби бағдар беру жұмысының жүргізілу барысы
5. Мектептің даму жоспарының іске асу әлеуетін арттыру
Бірінші мәселе бойынша бастауыш сыныптар бірлестік жетекшісі Ж.Ахметова сөз сөйледі 2-4 сынып оқушыларының оқу жылдамдығын тексеру

Оқу жылдамдығын тексеру барысында 1-4 сынып оқушыларының оқу дағдылары мен шапшаңдығы бағаланды.

Сынып	Жалпы оқушылар саны	Нормаға жеткендер	«5»	«4»	«3»	«2»	Білім сапасы (%)	Орташа балл мұғалімнің аты-жөні
1 «А»	19	5						Сапарова Гулдана
1 «Ә»	15	4						Думчебаева Гулзипа
1 «Б»	19	5						Жаппабар Сымбат
2 «А»	23	8	8	7			65,2	Ахметова Жұлдыз
3 «А»	22	9	9	5			63,6,	Бултбаева Гулайым
3 «Ә»	20	9	7	4			65	Нуридинова Ақерке
4 «А»	23	8	8	6			60,8	М.Каражигитова

Бастауыш сыныптар бойынша жалпы білім сапасы: 62%

Осы нәтижелер негізінде оқу жылдамдығын арттыру мақсатында қосымша әдеби кітаптар оқыту, оқушылардың оқу дағдыларын дамыту бойынша арнайы жұмыстар жүргізу ұсынылады.

Екінші мәселе бойынша I тоқсан қорытындысы бойынша төмен көрсеткіш көрсеткен пәндердің жүргізілуін бақылау

Мектеп директорының оқу ісі жөніндегі орынбасары Г.С.Мырзабекова 1-ші тоқсан қорытындысы пәндер бойынша 5-8 сыныптар туралы ақпарат берді. Атап айтқанда, 8 сыныпта 3 оқушы: 8 «а» сыныптарда алгебрадан – 50%, геометриядан қортылмайды, қазақ тілінен – 50%, қазақ әдебиетінен – 50%, орыс тілінен – 50%, ағылшын тілі 50%, физикадан – 50% ; 7 сыныпта 1 оқушы: алгебрадан – 50%, геометриядан қортылмайды, қазақ тілінен – 50%, қазақ әдебиетінен – 50%, орыс тілінен – 50%, ағылшын тілі 100%, 5 сынып қазақ әдебиеті -66,6,қазақ тілі -63,6, қазақстан тарихы-65,математика 56,1,орыс тілі 66,2,шет тілі-96,3, 6 сынып

Үшінші мәселе бойынша ағылшын тілі пәні мұғалімі А.Абдраманова жұмыс жүйесінің тиімділігі ағылшын тілі пәні тиімділігін зерделеу нәтижелері туралы баяндады. 3-8 сыныптар аралығында ағылшын тілі пәні оқытылады. Оқушылардың тілдік дағдылары орта деңгейде қалыптасқан. Оқытудың төрт дағдысын меңгеруде: тыңдалым және айтылым дағдылары бойынша оқушылар әлеуметтік-тұрмыстық, әлеуметтік-мәдени, оқу-кәсіптік салалардағы мүмкіндіктерді түсінеді; сөйлеу тәртібінің ашық және жабық түрінде берілген нысандарын таниды; әртүрлі өмірлік жағдайларда ауызша тілдік қарым-қатынастың әртүрлі мақсаттары мен тактикаларын іске асыру үшін түрлі тілдік құралдарды пайдалана отырып, әңгімеге бастамашы бола алады. Оқылым дағдысы бойынша білім алушы әртүрлі типтегі, жанрлар мен стильдердегі мәтіндерден негізгі және қосымша ақпараттарды түсінеді және түсіндіре алады. Оқушылар әртүрлі дереккөздерден қажетті ақпараттарды алады және жинақтап отырады. Таңдалған мәтін бойынша әртүрлі типтегі, жанрдағы және стильдегі мәтіндердің құрылымдық-композициялық, тілдік ерекшеліктерін салыстырады, белгілі бір тақырып бойынша қарапайым жоспар жасайды; орфографиялық, грамматикалық нормаларды сақтайды. Зерделеу комиссиясы ағылшын тілі сабақтарында оқушының жеке тұлға қабілетін дамытуда жаңаша білім берудің ықпалы жақсы деген тұжырым жасады.

Төртінші мәселе бойынша кәсіби бағдар беруші Г.Мырзабекова сөз сөйледі 2025-2026 оқу жылының мектепішілік бақылау өткізу жоспарына сәйкес, 5-8 сыныптарда кәсіби бағдар беру жұмысының жүргізілу барысы зерделеніп, анықтама ұсынылды. Аталған жұмыс барысында оқушылардың болашақ мамандыққа деген қызығушылықтары мен танымдық деңгейлерін арт **6-7 қараша** күндері 8-сынып ата-аналары арасында оқушылардың мамандық таңдауына байланысты онлайн сауалнама («Google Forms») ұйымдастырылды. «Өскенде кім боласың?» жобасына 7-8 сынып оқушылары қатысты. **6-сынып оқушыларына** арналған «Арманды қалай шындық өмірге айналдыруға болады?» атты танымдық сағат өткізілді. Тәрбие сағаттары, сыныптан тыс шаралар, тренингтер мен жеке кеңестер ұйымдастырылып, оқушыларға өзін-өзі тану және мамандық таңдау дағдыларын дамытуға бағытталған тапсырмалар орындалды.тыру мақсатында әртүрлі іс-шаралар ұйымдастырылды.

Бақылау нәтижесінде қаралған мәселелер:

1. «Тіл туралы» заңды орындау бойынша жұмыс жағдайы.
2. Білім алушылардың сабаққа қатысуын талдау.

3. 2-4 сынып оқушыларының оқу жылдамдығын тексеру.
4. I тоқсан қорытындысы бойынша төмен көрсеткіш көрсеткен пәндердің жүргізілуін бақылау.
5. 5-8 сыныптарда кәсіби бағдар беру жұмысының жүргізілу барысы.
6. Ағылшын тілі пәні мұғалімдерінің жұмыс жүйесінің тиімділігі.
7. «Әділдік және жауапкершілік айы» тақырыбында өткізілген айлық іс-шаралар қорытындысы.

Мектепішілік бақылау жоспарының барлық мәселелері қамтылып, әкімшіліктің сабаққа қатысу кестесіне сәйкес сабақтарға қатысу ұйымдастырылды. Қорытындысы бойынша пән мұғалімдеріне тиісті ұсыныстар берілді.

Қаулы етті:

1-ші тоқсан қорытындысы бойынша жүргізілетін жұмыстарды тоқсан соңына дейін жалғастыру.

1. Жалпы сыныптарында зерттеу жұмыстары сапалы жүргізілсін.
2. Шетел (ағылшын) тілі пәні мұғалімдерінің жұмыс жүйесінің тиімділігі қанағаттанарлық деп есептелсін.
3. Мектепішілік бақылау нәтижелері негізінде берілген ұсыныстарды орындау барлық жауапты тұлғаларға жүктелсін.
4. Оқу-тәрбие жұмысының тиімділігін арттыру бойынша тиісті шаралар қабылдансын.
5. «Тіл туралы» заңды орындау, кәсіби бағдар беру жұмыстары мен төмен көрсеткіш көрсеткен пәндер бойынша бақылауды жалғастыру.
6. Мектептің даму жоспарын одан әрі іске асыру үшін жаңа әдіс-тәсілдерді енгізу қарастырылсын.

ӘК төрайымы : **Г.Мырзабекова**

Хатшы: **Ә. Дәулетқызы**

Әдістемелік кеңес отырысының
№ 5 хаттамасы

Жиын өткізілген күні: 30. 12. 2025 ж
Өткізілген орны:физика кабинеті
Жиынның мақсаты: 2025-2026 оқу жылының II тоқсанының білім сапасына талдау жасау, оқушылардың біліміндегі олқылықтарды толтыру үшін қосымша жұмыстар жүргізу, дарынды балалармен жұмыстың тиімділігін бағалау.

Күн тәртібі:

1. **Тоқсандық қорытындысы бойынша жиынтық бағалау нәтижелері.**
2. **Оқушылардың біліміндегі олқылықтарды толтыру бойынша қазақ тілі пәні мұғалімдерінің жұмыс жүйесі.**
3. **Педагогтердің дарынды балалармен жұмысына талдау.**
4. **Біліктілік санаты жоқ қызметкерлердің санатын талдау.**

Қатысушылар: директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары,бірлестік жетекшілер,пән мұғалімдері-17

Г.Мырзабекова – директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары
М.Курбанова – қоғамдық және жаратылырыстану бағыты пәні бірлестігінің жетекшісі

Бірінші мәселе бойынша Г.Мырзабекова тоқсандық қорытындысы бойынша жиынтық бағалау нәтижелеріне тоқталды
2025-2026 оқу жылының II тоқсанында мектепте 175 оқушы оқуын аяқтады, оның ішінде 52 оқушы 1-сыныпта білім алды. Тоқсан соңындағы оқушы саны – 175. Жалпы білім сапасы 71% болып, өткен I тоқсанмен салыстырғанда 9% өсім байқалды.

Екінші мәселе бойынша М.Курбанова сөз сөледі оқушылардың біліміндегі олқылықтарды толтыру бойынша қазақ тілі пәні мұғалімдерінің жұмыс жүйесі:
Қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімдері оқушылардың тілдік дағдыларының деңгейін диагностикалау жұмыстарын жүргізіп, оқу мен оқытудың тиімділігін жоғарылатуға бағытталған жүйелі жұмыс жасады. Пән мұғалімдері оқушылардың сөйлеу, тыңдалым, жазылым дағдыларын дамыту үшін қосымша сабақтар мен жаттығулар өткізді. Сонымен қатар, күрделі мәтіндерді талдау, шығармашылық жұмыстар жасау және сыни тұрғыдан ойлау дағдыларын дамыту бағытында жұмыстар ұйымдастырылды.

Үшінші мәселе бойынша Г.Мырзабекова педагогтердің дарынды балалармен жұмысына талдау жасады:
Мектепте дарынды балалармен жұмысқа ерекше көңіл бөлініп, әртүрлі интеллектуалдық олимпиадалар мен зияткерлік жарыстар ұйымдастырылды. Қазақ тілі мен әдебиеті пәні бойынша дарынды оқушылар 3-4,5-6 сыныптар арасында аудандық «Алтын сақа» маатематика пән олимпиадаларда жеңіске жетіп, марапатталды. Сонымен қатар, қазақ тілі мен әдебиеті, тарих, география пәндері бойынша дарынды оқушылар түрлі жарыстарға қатысып, жоғары нәтижелер көрсетті.

Төртінші мәселе бойынша Г.Мырзабекова біліктілік санаты жоқ қызметкерлердің санатын талдау жасады

Білім беру процесіне қатысатын біліктілік санаты жоқ қызметкерлердің санаты қайта қаралды. Мұғалімдердің кәсіби дамуын қамтамасыз ету үшін курстар мен тренингтер өткізу ұсынылды. Қызметкерлердің біліктілігін арттыру мақсатында тиісті бағдарламалар дайындалып, оларды жүзеге асыру жоспары жасалатынын атап өтті.

Қорытынды шешімдер:

1. Қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімдері оқушылардың білім деңгейін арттыру үшін қосымша жұмыстар жүргізеді.
2. Кәсіби бағдар беру жұмыстары жалғасын табады және әрбір оқушының жеке мүмкіндіктеріне сәйкес жүзеге асырылады.
3. Дарынды балалармен жұмыс жүйесі одан әрі жетілдіріледі, қосымша ресурстар мен әдістемелер енгізіледі.
4. Біліктілік санаты жоқ қызметкерлердің біліктілігін арттыру бойынша жұмыстар жалғасады.

Қаулы:

1. Қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімдерінің жұмыс жүйесі білім сапасын арттыру мақсатында тиімді деп бағалансын.
2. Дарынды балалармен жұмысқа қосымша күш-жігер жұмсалып, барлық пәндер бойынша білім беру сапасы арттырылсын.
3. Педагогтер мен қызметкерлердің біліктілігін арттыру үшін жылдық жоспар жасалып, іске асырылсын.

ӘК төрайымы : **Г.Мырзабекова**

Хатшы: **Ә.Дәулетқызы**

Әдістемелік кеңес отырысының
№ 6 хаттамасы

Күні: 30. 01. 2025 ж
Өткізу орны: Физика кабинет
Қатысқандар: директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары,бірлестік жетекшілер,пән мұғалімдері-17

Күн тәртібі:

1. II тоқсан қорытындысы бойынша төмен көрсеткіш көрсеткен пәндердің жүргізілуін бақылау.
2. 5-8 сынып оқушыларының математикалық сауаттылығының даму деңгейі.

Тыңдалды:
Бірінші мәселе бойынша: Мектеп директорының оқу ісі жөніндегі орынбасарлары Г.Мырзабекова II тоқсан қорытындысы бойынша төмен нәтиже көрсеткен сыныптар мен пәндер туралы ақпарат берді.
2025-2026 оқу жылының II тоқсан қорытындысы бойынша 5-8 сыныптарының білім сапасы төмен көрсеткіш көрсеткен сыныптар анықталмағанын атап өтті.

2025–2026 оқу жылы бойынша 2–4-сынып пәндері бойынша білім сапасының салыстырмалы талдауы

Пән	2025-2026 оқу жылы I-тоқсан	2024-2025 оқу жылы II тоқсан	II тоқсан мен I тоқсан айырмашылығы
Қазақ тілі	81,3	79,3	-2
Орыс тілі	78,0	82,4	+4,4
Әдебиеттік оқу	82,4	79,5	-2,9
Математика	82,4	82,3	-0,1
Дүниетану	-	85,4	-
Жаратылыстану	-	85,4	-
Шетел тілі (ағылшын тілі)	76,5	78,8	+2,3
Жалпы	**80,1**	**81,8**	**+1,7**

2–4-сынып пәндері бойынша білім сапасының салыстырмалы талдауы:
I тоқсан бойынша талдауы: Қазақ тілі 81,3%,орыс тілі 78,0%,әдебиеттік оқу 82,4%,математика82,4%,дүниетану,жаратылыстану пәндері I тоқсанда қортылмайды,II тоқсанда қортылады,шетел тілі (ағылшын тілі) 76,5%.Жалпы пәндер бойынша білім сапасы 80,1%.
II тоқсан мен I тоқсан айырмашылығы: Қазақ тілі 79,3 айырмасы -2%, орыс тілі 82,4% айырмасы 4,4%, әдебиеттік оқу 79,5% айырмасы-2,9%, математика 82,3% айырмасы

0,1,дүниетану 85,4%,,жаратылыстану 85,4%, шетел тілі (ағылшын тілі) 78,8% ,айырмасы 2,3%.

Жалпы пәндер бойынша білім сапасы 81,8% айырмасы 1,7%, жоғары көрсетті.

2-4 сыныптардың пәндік сапасының қорытындысы бойынша I-II тоқсан айырмашылығы аталып өтті.

2025–2026 оқу жылы бойынша 5–8-сынып пәндері бойынша білім сапасының салыстырмалы талдауы

Пән	2025/2026 оқу жылы I-тоқсан	2025/2026 оқу жылы II-тоқсан	II тоқсан мен I тоқсан айырмашылығы
Қазақ тілі	57	70	+13
Қазақ әдебиеті	60	79	+19
Орыс тілі	62	81	+19
Орыс әдебиеті	-	81	-
Математика	57	60	+3
Шетел тілі	75	68	-7
Алгебра	50	66	+16
Геометрия	-	66	-
Физика	50	66	+16
Жаратылыстану	67	70	+3
Биология	50	66	+16
География	-	83	-
Химия	50	66	+16
Қазақстан тарихы	60	77	+17
Дүниежүзі тарихы	-	83	-
Информатика	-	76	-
Жалпы	59	72	+13

5–8-сынып пәндері бойынша білім сапасының салыстырмалы талдауы:

I тоқсан бойынша талдауы: Қазақ тілі 57,0%,қазақ әдебиеті 60%,орыс тілі 62,0%,орысәдебиеті,математика57%, ағылшын тілі 75,0%,алгебра 50%,геометрия,физика50%,жаратылыстану 67,0%,биология50%,география химия 50%,қазақстан тарихы 60%,дүниежүзі тарихы,информатика.

Жалпы I тоқсанда білім сапсы 59 % көрсетті .

I тоқсанда қортылмайтын орыс әдебиеті, геометрия, дүниежүзі тарихы,информатика пәндер атап өтті.

II тоқсан бойынша талдауы: Қазақ тілі 70 %, айырмасы +13,қазақ әдебиеті 79%,, айырмасы +19%, орыс тілі 62,0% айырмасы +19%,орыс әдебиеті 81%,математика 60%,айырмасы+3%, ағылшын тілі 68%,айырмасы -7%, алгебра 66%, айырмасы +16%, геометрия 66%, физика 66%, айырмасы +16%,, жаратылыстану 70%,айырмасы +3, биология 66% ,география 83%, химия 66%,айырмасы +16, қазақстан тарихы 77%,айырмасы +17%, дүниежүзі тарихы 83%, информатика 76%. Жалпы II тоқсанда білім сапсы 72 % көрсетті

Жалпы I тоқсан 59 %, II тоқсан білім сапасы 72%, айырмасы +13% жоғары көрсетті. 2-8 сынып пәндері бойынша білім сапасы төмен көрсетілмеді.

Екінші мәселе бойынша: 5-8 сынып оқушыларының математикалық сауаттылық деңгейін анықтау мақсатында зерделеу жүргізілгені туралы Г.Мырзабекова және Ә,Дәулетқызы баяндады.
Мектепте 5-8 сыныптарда математика пәнінен сабақ беретін ӘіДәулетқызы .
Математикалық сауаттылықтың үш құрылымдық компонентіне назар аударып жұмыс істейді:

1. Мәселені түсіну және математикалық тілде құрастыру.
2. Мәселені шешуде математикалық әдістерді қолдану.
3. Шешім нәтижесін талдап, түсіндіру.

Оқушылардың математикалық сауаттылығын дамыту мақсатында пән мұғалімдеріне қысқа мерзімді жоспарларға арнайы математикалық сауаттылыққа арналған тапсырмалар енгізу ұсынылды.

Шешім қабылданды:
Мұғалімдерге білім сапасын көтеру мақсатында оқушылармен және ата-аналармен жеке жұмыс жүргізу тапсырылсын.
Әр айда сабаққа қатысу қорытындысы бойынша жиналыс ұйымдастырылсын.
Педагогтерге кәсіби біліктілікті арттыру семинарларына қатысу ұсынылсын.
Әр сабақта оқушылардың математикалық сауаттылығын дамытуға бағытталған тапсырмалар қолданылсын.
5-8 сынып білім алушыларынан тоқсанына бір рет сынама жұмыстары алынып, дайындық деңгейлері тексерілсін.
Мұғалімдерге логикалық есептерді шешудің әдістерін оқушыларға түсіндіру тапсырылсын.

Қаулы:

1. II тоқсанда білім сапасы жалпы пәндер мен сыныптардың жағдайын жақсарту бойынша жоспарлы жұмыстар жалғастырылсын.
2. Педагогтерге кәсіби біліктілікті арттыру мақсатында семинарларға қатысу және тәжірибе алмасу ұсынылсын.
3. 5-8 сынып оқушыларының математикалық сауаттылығын арттыру бойынша жүйелі жұмыстар жүргізілсін.
4. Математикалық сауаттылық деңгейін анықтау үшін тоқсан сайын мониторинг жүргізілсін.
5. Әр айда сабаққа қатысу қорытындысы бойынша жиналыс өткізілсін.

ӘК төрайымы : **Г.Мырзабекова**

Хатшы: **Ә.Дәулетқызы**

Әдістемелік кеңес отырысының

№ 7 хаттамасы

Күні: 27.02.2026ж
Уақыты: 15-00
Өткізу орны: Физика кабинет
Қатысқандар: Директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары, бірлестік жетекшілер,пән мұғалімдер -17

Күн тәртібі:

1. Жаратылыстану-ғылыми сауаттылық бойынша сабақта тапсырмалардың енгізілуі (3-6 сыныптар).
2. Әдебиеттік оқыту пәнінің берілуі (2-4 сыныптар)

1-мәселе бойынша мектепішілік бақылау жоспарына сәйкес, Г.Мырзабекова сөз алды.

26-06.02.2026 жыл аралығында жаратылыстану пәнінде 3-6 сыныптарда ғылыми-жаратылыстану сауаттылығын дамыту мақсатында тапсырмаларды орындау барысы зерделенді.

Бастауыш сынып мұғалімдерінің дүниетану пәніндегі олқылықтарды жою жүйесі білім деңгейін кешенді диагностикалаудан, жүйелі түрде саралаудан және әр оқушының психологиялық ерекшеліктеріне сай жеке түзету жұмыстарын (қатемен жұмыс, деңгейлік тапсырмалар, цифрлық ресурстарды пайдалану) жүргізілуде.

Жаратылыстану пәні оқушылардың ғылыми-зерттеушілік дағдыларын дамытуға бағытталған.

3-4 сыныптарда зерттеу, бақылау, тәжірибе, рөлдік ойындар сияқты тиімді әдіс-тәсілдер қолданылуда.

5-6 сыныптарда жазбаша жұмыстар, практикалық тапсырмалар, тәжірибелік зерттеулер орындалуда.

Мұғалімдер функционалдық сауаттылықты дамыту мақсатында түрлі ақпараттық ресурстарды (мәтін, презентация, видео, аудио материалдар), сондай-ақ **tester.kz** платформасы мен **PISA** форматындағы тесттерді пайдалануға болатынын атап өтті.

2-мәселе бойынша Г.Мырзабекова сөз алды. Әдебиеттік оқыту пәнінің берілуі (2-4 сыныптар)

2-4 сыныптардағы әдебиеттік оқу сабақтарының мақсаты – оқушыларды көркем шығарманы саналы түрде түсінуге, кейіпкерлер әрекетін бағалауға және өз ойын еркін жеткізуге үйрету. Бұл үдеріс мәтіннің мазмұнын, сюжетін, идеясын және ондағы әдеби көркемдегіш құралдарды жүйелі талдау арқылы жүзеге асыру.

3. Әдебиеттік оқыту пәнінің берілуі (2-4 сыныптар)

2 сынып оқушылары мәтіннің мазмұның толық түсініп оқу кейіпкерлердің жақсы жаманыны ажырату,3 сынып ығарманың композициялық құрылымын талдау, оқиғаның басталуы мен аяқталуын бөле білу, кейіпкердің ішкі сезімін түсіну,4сынып Күрделі әдеби талдау, автордың стилі, идеясы анықталып, оқушылар өз ойын эссе немесе пікірталас форматында еркін жеткізе алатын дәрежеге жетеді.

Бағдарламаның толық мазмұны мен оқыту жүйесі туралы тереңірек білу үшін **Stud.kz** сайтындағы әдістемелік материалдармен танысуға болады. Сонымен қатар, сабақты тиімді өткізу жолдары **Ustaz tilegi** порталында егжей-тегжейлі ұсынылғанын атап өтті

Қаулы:

1. Жаратылыстану пәні мұғалімдері ғылыми-жаратылыстану сауаттылығын дамыту мақсатында оқыту әдістерін жетілдірсін.
2. Оқушылардың зерттеу дағдыларын дамытуға бағытталған тапсырмалар жүйелі түрде сабақтарға енгізілсін.
3. Оқушылар мәтінге жоспар құру,оны талдау,әңгіме кейіпкерлермен жұмыс,әңгімеден алынған эселерін жазу,шығармашылық жұмыстармен жүргізілсін.
4. Әдебиеттік оқу бағдарламасындағы кез келген ақын жазушылардың шығармаларында мәтіннің көркемдік ерекшілігін тану.

ӘК төрайымы : **Г.Мырзабекова**

Хатшы: **Ә.Дәулетқызы**

Әдістемелік кеңес отырысының

№ 8 хаттамасы

Қатысқандар 17

Күні: 27 Наурыз 2026 жыл

Уақыты: 15-00

Өткізілген орны: физика кабинет

Қатысқандар: Г.Мырзабекова - директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары, ӘБ жетекшілері,пән мұғалімдер

Күн тәртібі:

1.2025–2026 оқу жылының III тоқсаны бойынша жиынтық бағалау нәтижелерін талдау.

2.5–8 сыныптардағы кәсіби бағдар беру жұмысының жүргізілу барысы.

3.5-8сынып оқушыларының оқу сауаттылығының даму деңгейі.

Бірінші мәселе бойынша: Тоқсан қорытындысы бойынша жиынтық бағалау нәтижелерін талдау. Баяндамашы: Г.Мырзабекова 2025–2026 оқу жылының мектепішілік бақылау жоспарына сәйкес, 16–26 наурыз аралығында тоқсандық жиынтық бағалау (БЖБ/ТЖБ) жұмыстарының орындалуына мониторинг жүргізілді.

Мақсаты:

– Оқу жетістіктерінің нәтижелерін талдау;

– БЖБ, ТЖБ тапсырмаларының талапқа сай орындалуын қадағалау;

– Бағалау үдерісінің ашықтығы мен әділдігін тексеру.

Тексеру нәтижесінде анықталған жағдайларда Жиынтық бағалау жалпы талапқа сай жүргізілген. Мұғалімдер тарапынан баға өзгерту деректері тіркелмеді.Егерде мұғалімдерге бағалау талаптарынасай жүргізілмеген жағдайда ескерту берілетінін атап өтілді. Бағалау талаптарын қатаң сақтау міндеттелді.

Екінші мәселе бойынша. Тарих және георафия пән мұғалімі А.Утегенова 5–8 сыныптарда кәсіби бағдар беру жұмыстары мен Шымкент қаласындағы музейге саяғат жасалды.Оқушылар мен жастар үшін бұл тек танымдық экскурсия емес, сонымен қатар туған жерге деген құрметті арттыратын маңызды қадам.Музейге саяхаттың маңыздылығы:Өткенді тану: Еліміздің немесе әлемнің тарихына, ата-бабаларымыздан қалған жәдігерлер мен қолөнер туындыларына тікелей куә болды. Мұндай саяхаттар балалар мен жастардың бойында отаншылдық сезімін оятып, тарихқа деген сүйіспеншілікті қалыптастырады.

Сынып жетекшілер Ақпан–наурыз айларында кәсіби бағдар беру жұмыстары жоспарға сәйкес жүргізілді:

1. 12 ақпан күні – 7-8 сынып оқушыларына қызығушылықтары мен қабілеттерін анықтау мақсатында диагностикалық сауалнама алынды.

2. 5 «а» сыныбы «Өскенде кім боласың?» Мамандық таңдау – өмірдегі ең үлкен шешімдердің бірі. Ол өзің айналысқың келетін жұмысты ғана емес, болашақ өмір салты мен айналатын ортаңды таңдау эссе жазды.

Үшінінші мәселе бойынша қазақ тілі пән мұғалімі М.Курбанова сөз алды.

5-8 сынып оқушыларының оқу сауаттылығының даму деңгейі. Мониторинг қорытындысы бойынша:

- 5-8 сыныптарда оқу сауаттылығы орташа деңгейден жоғары көрсеткішке ие;
- Талдау барысында мәтінді түсіну, ақпаратты салыстыру, қорытынды жасау дағдылары қалыптасқанымен, күрделі мәтіндермен жұмыс кезінде қиындықтар бар;
- Оқу стратегияларын (сканерлеу, таңбалау, негізгі ойды табу) дамыту қажет.

ҚАУЛЫ:

1. Бағалау үдерісін қатаң бақылауда ұстау, БЖБ/ТЖБ нәтижелерін өзгертуге жол бермеу.

2. Оқушыларға арналған қосымша дайындық материалдарын әзірлеуді пән мұғалімдеріне тапсыру. Әр оқушыға жеке кері байланыс беру, әлсіз тұстарын талдау міндеттелсін.

3. Келесі тоқсанда мұғалімдермен бірге бағалау критерийлерін талқылау,

4. Кәсіби бағдар беру жұмыстарын жүргізу мақсатында оқушылардың қызығушылығын анықтау жұмыстарын жалғастыру.

5. Оқу сауаттылығын арттыру мақсатында 5-8 сыныптарда қосымша жаттығулар, мәтінмен жұмыс сабақтарын күшейтілсін.

Хаттама төрайымы: _____ Г.Мырзабекова

Хатшы: _____ Ә.Дәулетқызы

Әдістемелік кеңес отырысының

№ 9 хаттамасы

Қатысқандар 17

Күні: 24 сәуір 2026 жыл
Уақыты: 15-00
Өткізілген орны: Физика кабинет
Қатысқандар: директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары, ӘБ жетекшілері,пән мұғалімдер

Күн тәртібі:

1. 5-8 сыныптарда тарих пәнінен сауттылықтырын анықтау
2. III тоқсан қорытындысы бойынша төмен көрсеткіш көрсеткен пәндердің жүргізілуін бақылау
3. Жас мұғалім мектебінің жұмысы.
4. Мектептің даму жоспарының іске асу әлеуетін арттыру
5. Педагогтердің дарынды балалармен жұмысын талдау

Бірінші мәселе бойынша: Баяндамашы: Утегенова Ақерке 2026 жылдың 17.04–24.04 күндері аралығында 5 және 8-сыныптарда тарих пәнінен оқушылардың 6 концепт бойынша 3 тарихи ойлау дағдыларының деңгейі анықталды.
Нәтижесінде 5–8-сынып оқушыларының пәндік сауаттылығы ортадан жоғары деңгейде екені анықталды.
Оқушылар тарихи ұғымдарды түсіндіру, себеп–салдар байланыстарын орнату, тарихи тұлғаларды бағалау және өз көзқарасын дәлелдеу дағдыларын көрсетті.

Негізгі талданған бағыттар: тарихи ұғымдар мен терминдерді меңгеру деңгейі; оқиға, процесс, құбылыстарды уақыт пен кеңістікке орналастыру; себеп–салдар байланыстарын орнату сапасы; тарихи деректермен жұмыс дағдылары; тұлғалардың рөлі мен тарихи маңызын түсіндіру; тарихи идеяларды дәлелдеу, қорытынды шығару; 6 концепт (уақыт, кеңістік, өзгеріс, үздіксіздік, себеп-салдар, маңыздылық) негізінде ойлау деңгейі.

Нәтижелері:– Оқушылар тарихи кезеңдерді салыстыру, географиялық факторлардың рөлін анықтау, қоғамдағы саяси-экономикалық өзгерістерді түсіндіруде ортадан жоғары деңгей көрсетті.
– Оқушылардың басым бөлігі дерекпен жұмыс істеу, картамен талдау, тарихи мәтінді интерпретациялау дағдыларын меңгерген.
– Кейбір 7-8-сынып оқушыларында тарихи оқиғалардың уақыттық ретін анықтауда, тарихи концепттерді дұрыс қолдануда қиындықтар байқалды.

Екінші мәселе бойынша: Баяндамашы: Г.Мырзабекова 2025 жылдың 14.04–25.04 аралығында III тоқсан қорытындысы талданып, төмен көрсеткіш сыныптарда анықталмады. Пәндер бойынша терең зерделеу жүргізілді.

Талдауға алынған пәндер:

2025–2026 оқу жылы бойынша 2–4-сынып пәндері бойынша білім сапасының салыстырмалы талдауы

Пән	2024-2025 оқу жылы II тоқсан	2025-2026 оқу жылы III-тоқсан	II тоқсан мен III тоқсан айырмашылығы
Қазақ тілі	79	85	-2
Орыс тілі	82	78	+4,4
Әдебиеттік оқу	79	83	-2,9
Математика	82	83	-0,1
Дүниетану	85	-	-
Жаратылыстану	85	-	-
Шетел тілі (ағылшын тілі)	78	82	+2,3
Жалпы	**81**	**82,7**	**+1,7**

2-4 сынып пәндері бойынша білім сапасы IIтоқсанда 81%,III тоқсан82,7% айырмашылғы+1,7 жоғары көрсеткен.Жалпы пәндер бойынша білім сапасы төмен көрсетілмеді.

2025–2026 оқу жылы бойынша 5–8-сынып пәндері бойынша білім сапасының салыстырмалы талдауы

Пән	2025/2026 оқу жылы II-тоқсан	2025/2026 оқу жылы III-тоқсан	II тоқсан мен III тоқсан айырмашылығы
Қазақ тілі	70	78	+8
Қазақ әдебиеті	79	74	-5
Орыс тілі	81	81	+0
Орыс әдебиеті	81	81	+0
Математика	60	72	+8
Шетел тілі	68	62	-6
Алгебра	66	83	+17
Геометрия	66	-	-
Физика	66	66	+0
Жаратылыстану	70	73	+3
Биология	66	66	+0
География	83	-	-
Химия	66	66	+0

Қазақстан тарихы	77	75	-2
Дүниежүзі тарихы	83	-	-
Информатика	76	-	-
Жалпы	72	73	+1

5-8 сынып пәндері бойынша II тоқсан білім сапасы 72%, III тоқсанда 73%, айырмашылығы +1 жоғары көрсеткен.Жалпы пәндер бойынша білім сапасын төмен көрсетілмеді.

Талдау барысында қаралған материалдар:

- тоқсандық бақылау нәтижелері;
- қалыптастырушы бағалау журналдары;
- оқушылардың сабаққа қатысуы;
- жеке оқушылардың үлгерім динамикасы;
- мұғалімдердің тақырыптық жоспарлары;
- сабақтарға қатысу және сабақ беру сапасын бақылау парақтары.

Анықталған жайттар: – Бірқатар оқушылардың тоқсан ортасында мектептен шығуы үлгерім көрсеткішіне әсер еткен.
– Үй тапсырмасының уақытылы және сапалы орындалуы оқушылардан байқалмады ды.
– Кей тақырыптар (грамматикалық күрделі құрылымдар, мәтінмен жұмыс, логикалық тапсырмалар) меңгеруде қиналтуы тіркелді.
– Мұғалімдердің саралау тәсілдерін бірдей көлемде қолданбағаны, әр деңгейдегі оқушылар үшін жеткілікті күрделілік берілмеуі байқалды.

Талдау нәтижелері пәндік білім сапасы төмен екендігі көрметілмеді.

Үшінші мәселе бойынша: Баяндамашы: Г.Мырзабекова 2025 жылдың 21.04–30.04 аралығында жас мамандармен жүргізген жұмысы зерделенді.
Жас мамандар Б.Сәрсенбай,Каухар Лаура және Әсел Дәулетқызы,Жаппар Сымбат пәндік білімін меңгерген, оқушылармен жақсы байланыс орнатқан.
Алайда сабақ құрылымын жоспарлау, саралау және уақытты тиімді пайдалану бағытында тәжірибені арттыру қажет.
Тәлімгер тарапынан жүйелі кері байланыс пен әдістемелік қолдау көрсетілуде.

Ұсыныс: – Ай сайын жас мамандармен кездесулер өткізу;
– Тәжірибелі мұғалімдердің ашық сабақтарына жас мамандар қатыстыру;
– Сараланған оқыту мен топтық жұмысты жетілдіру бағытында әдістемелік семинар өткізу.

Төртінші мәселе бойынша: Баяндамашы: Г.Мырзабекова мектептің даму жоспарының іске асу әлеуетін арттыру бағытында жүргізілген зерделеу қорытындысы тыңдалды.
Мектептің даму жоспары білім сапасын арттыру, педагог кадрлардың кәсіби шеберлігін жетілдіру, оқушылардың шығармашылық және зияткерлік әлеуетін дамыту бағыттарын қамтиды.

Daryn.online платформалары тиімді қолданылып, оқу процесінде инновациялық әдістер енгізілген.

Ұсыныстар:
— Мұғалімдер мен оқушылардың ішкі мотивациясын арттыру;
– Педагогикалық консилиумдар өткізіп, тәжірибе алмасу жүйесін нығайту;
– 2026 жылдың сәуір айында мектеп педагогтерінің дарынды және қабілетті оқушылармен жұмыс жүйесі зерделенді. Зерделеу мектепішілік бақылау жоспарына сәйкес жүргізілді.

Бесінші мәселе бойынша әдіс бірлестік жетекшілер сөз сөйледі Педагогтердің дарынды балалармен жұмысын талдау жасады. Мұғалімдердің дарынды балалармен жұмысын және сайыстар мен байқауларға олимпиадаларға көбінесе онлайн қатысып алған орындары туралы талдау жасады.

ҚАУЛЫ ЕТІЛДІ:

1. **Барлық анықтамалардағы** қорытындылар мен ұсыныстар 2026 жылғы сәуір айының 9-хаттамасына тіркелсін.
2. Қоғамдық бағытындағы бірлестіктегі тарих пән мұғалімі тарихи ойлау дағдыларын дамыту бағытындағы жұмысты жалғастырсын.
3. Пәндер бойынша қосымша сабақтардың сапасы мен тиімділігіне ай сайын талдау жүргізілсін.

Хаттама төрайымы: _____ **Г.Мырзабекова**
Хатшы: _____ **Ә.Дәулетқызы**

Әдістемелік кеңес отырысының

№ 10 хаттамасы
Қатысқандар 17

Күні: 28 мамыр 2025 жыл
Уақыты: 15-00
Өткізілген орны: Физика кабинет
Қатысқандар: директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары ӘБ жетекшілері,пән мұғалімдер

Күн тәртібі:

1. Тоқсан қорытындысы бойынша жиынтық бағалау нәтижелері
2. Озық тәжірибені мектепшілік деңгейде тарату
3. ӘБ жұмыс жоспарының орындалуы
4. Пән апталықтарының қорытындысы
5. Мұғалімдердің жауапкершілігі мен жұмыс тиімділігіне жүргізілген мониторинг жасау

Бірінші мәселе бойынша Тоқсан қорытындысы бойынша жиынтық бағалау нәтижелері туралы
Баяндамашы: Г.Мырзабекова – директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары

Тыңдалды: Г.Мырзабекова өз баяндамасында 2026 жылғы 18–23 мамыр аралығында жүргізілген бақылау қорытындысымен таныстырды.
Жиынтық бағалау (БЖБ және ТЖБ) рәсімдері ҚР БҒМ №174 бұйрығына сәйкес ұйымдастырылған. Педагогтер бағалау түрлерін дұрыс таңдап, оқушылардың оқу жетістіктерін нақты және әділ бағалаған.
БЖБ мен ТЖБ тапсырмалары оқу мақсаттарына сәйкес әзірленіп, бағалау критерийлері дұрыс қолданылған.
Комиссия тарапынан модерация барысында ешқандай даулы мәселе тіркелмеген. Бұл – мектептегі бағалау жүйесінің тұрақты және әділ жүргізілетінін көрсетеді.

Талқыланды: Кеңес мүшелері жиынтық бағалаудың сапалы өткізілуі мұғалімдердің кәсіби дайындығы мен жауапкершілігінің жоғары екенін атап өтті. Оқушылардың тоқсандық жетістіктері талданды.

Екінші мәселе бойынша Озық тәжірибені мектепшілік деңгейде тарату
Баяндамашы:Г.Мырзабекова ,
Тыңдалды: Баяндамашылар биылғы оқу жылының озық тәжірибесін жинақтау мақсатында мұғалімдердің материалдары талданып мектепшілік әдістемелік кеңесте қаралып,аудандық кеңеске ұсынылады.
Озық тәжірибе ретінде жалпы пән мұғалімдері бастауыш сынып,қоғамдық және жаратылыстану бағыты пәндеріндегі жаңашыл сабақ үлгілері, авторлық тапсырмалар, зерттеу жұмыстары жүргізіліп 1.Мектепшілік.2.Аудандыққа ұсынылады.
Аудандық деңгейде оң баға алған мұғалімдер марапаттқа ұсынылатынын айтып өтті

2-мәселе. ӘБ жұмыс жоспарының орындалуы Баяндамашы: ӘБ жетекшілері

Тыңдалды: Жыл бойы әдістемелік бірлестіктер жоспарға сәйкес жұмыс істегені баяндалды. ӘБ отырыстары уақытында өткізіліп, әрбір мұғалімнің кәсіби дамуына бағытталған жұмыс түрлері орындалған.

Жалпы ашық сабақ:1-8сыныптар бойынша сыныптан тыс шара, 4 мектепшілік семинар, 2 ашық есік күні оқыту семинарда 6 шеберлік сабақ өткізілгені айтылды.

3-мәселе. Пән апталықтарының қорытындысы Баяндамашы: ДОІЖО Г.Мырзабекова

Тыңдалды: Пән апталықтары жоғары деңгейде ұйымдастырылғаны, оқушылардың қызығушылықтары ескеріліп, олимпиада, көрме, ғылыми жоба, викторина, концерттік бағдарламалар ұйымдастырылғаны айтылды.

Апталықтар оқушылардың шығармашылық қабілеттерін ашуға ықпал еткені аталды.

Төртінші мәселе бойынша: Мұғалімдердің жауапкершілігі мен жұмыс тиімділігіне жүргізілген мониторинг нәтижелері туралы

Баяндамшы: Г.Мырзабекова – директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары

Тыңдалды: Г.Мырзабекова 2025-2026 жылғы жүргізілген Мұғалімдердің жауапкершілігі мен жұмыс тиімділігіне жүргізілген мониторинг нәтижелері туралы мониторинг нәтижелерін ұсынды.

Мұғалімдердің кәсіби шеберлігін арттыру, заманауи педагогикалық технологияларды меңгеру бағытында елеулі ілгерілеу бар.

Мектепішілік оқыту семинарлар мен шеберлік сыныптары («Жасанды интеллект және білім беру», «QR-код арқылы тапсырма орындау», «Жасанды интеллект математика сабағында» және т.б.) жоғары деңгейде өткізілген.

Мұғалімдер мен оқушылардың мектепшілік пәндік олимпиадалар мен «Үздік сынып жетекшісі» байқау өткізгенін атап өтілді. Педагогтер республикалық, облыстық, аудандық байқауларда офлайн түрде қатыса алмағандығын атап өтті.Онлайн түрде тарих пән мұғалімі Утегенова жүлделі орынға иеленгенін атап өтті.

Талқыланды: мұғалімдердің кәсіби жауапкершілігі, әдістемелік ізденісі және озық тәжірибесін мектепшілік тарату екенін атап өтті.

Қаулы етілді:

1. Тоқсан қорытындысы бойынша жиынтық бағалау нәтижелері жақсы деп бағалансын. Бағалау сапасын бақылау тұрақты түрде жүргізілсін
2. Озық педагогикалық тәжірибелер таратылсын және әдістемелік көмек көрсету жалғастырылсын.
3. Пән апталықтарында озық тәжірибе элементтерінің үлесі арттырылсын.
4. Мұғалімдердің жауапкершілігі мен жұмыс тиімділігіне жүргізілген мониторинг нәтижесі жоғары деңгейде деп есептелсін. Сабақтарда жасанды интеллект пен заманауи цифрлық технологияларды тиімді пайдалану жұмысы күшейтілсін.

Хаттама төрайымы: **Г.Мырзабекова**

Хатшы: **Ә.Дәулетқызы**

Асыл ЖШС «Раушан Үкібас» негізгі мектебі

Тақырыбы :

«Тіл-достықтың дәнекері»



2025-2026 оқу жылы

«Келісемін»
Директордың оқу ісі
жөніндегі орынбасары
Г.Мырзабекова

«Бекітемін»
Мектеп директоры
Б.Т.Адильбекова

Тақырыбы: «Тіл – достықтың дәнекері»

Мақсаты: Оқушыларға тілдің халықтар арасындағы достық пен өзара түсіністікті нығайтатын маңызды құрал екенін ұғындыру, ана тіліне деген құрметті арттыру және Қазақстандағы көптілділік саясатының мәнін түсіндіру. Тілге құрмет көрсету мәдениетін қалыптастыру, Тілдер күні мерекесінің маңызын насихаттау арқылы оқушылардың мемлекеттік тілге, сондай-ақ өзге тілдерге деген сүйіспеншілігін дамыту. Қазақ, орыс, ағылшын және басқа да тілдер арқылы әр халықтың тарихы мен мәдени құндылықтарын таныта отырып, оқушыларды толеранттылыққа, достыққа және өзара сыйластыққа тәрбиелеу

Күтілетін нәтиже:

- Оқушылар тілдің қоғамдағы және халықтар арасындағы қарым-қатынастағы маңызын түсінеді;
- Ана тіліне, мемлекеттік тілге және өзге тілдерге деген құрметі артады;
- Тілдер күні мерекесінің мәні мен маңызы жөнінде танымы кеңейеді;
- Оқушылардың қазақ, орыс, ағылшын тілдерінде сөйлеу, ойлау және қарым-қатынас жасау дағдылары дамиды;
- Толеранттылық, өзара сыйластық және достық құндылықтары қалыптасады;
- Оқушылардың шығармашылық қабілеті мен белсенділігі артады, көпшілік алдында еркін сөйлеу дағдысы жетіледі.

Өтетін күні: 20 – 25.09.2025 ж

Қатысушылар: Мектеп директоры, оқу орынбасарлары және жаратылыстану бағыты мен бастауыш сынып мұғалімдері.

Әдістемелік бірлестік жетекшісі: М.Б.Курбанова

Қоғамдық-гуманитарлық пәндер апталығының жоспары

Қоғамдық-гуманитарлық пәндер әдістемелік бірлестігінің
«Тіл-достықтың дәнекері» атты тақырыбы бойынша
бес күндікте өткізілетін іс-шаралар жоспары
20 қыркүйек - 25 қыркүйек аралығы
2025-2026 оқу жылы

№	Мұғалімдер	Сынып	Күні	Уақыты	Тақырыбы	Іс-шаралар
1.	Пән мұғалімдері	Жалпы	20.09.2025	15.00	Тіл-достықтың дәнекері	Концерттік бағдарлама. Түрлі ойындар
2.	Курбанова Марал	6 «А»	24.09.2025	9.50	Тіл – халықтың қазынасы	Ашық сабақ
3.	Ділдабек Бибінур	5 «А»	23.09.2025	11.40	Разговорный стиль	Ашық сабақ
4.	Абдраманова Ақмарал	5 «А»	22.09.2025	9.00	Reading for pleasure	Ашық сабақ
5.	Утегенова Ақерке	6 «А»	23.09.2025	12.30	Атлах шайқасы	Ашық сабақ
6.	Ділдабек Бибінур	8 «А»	21.11.2024	14.00	Лидер XXI-века	Интелектуалды ойын
7.	Пән мұғалімдері	5-8	24.09.2025	11.35		Көңілді үзіліс
8.	Пән мұғалімдері	5-8	25.09.2025	15.00	Апталықтың жабылуы	Концерттік бағдарлама. марапаттау

Мектепшілік апталықта педагогтердің «Бастауыш -білім тұғыры» тақырыбына шебер сынып және ашық сабақ өткізілгенін

ХАТТАМАСЫ 30.01.2026 жыл

Мақсаты: Оқушыларға білім беруде әр түрлі бағыттағы зияткерлік тапсырмаларды орындауға бағыттау.Тіл мәдениетін жетілдіру.Ауызша сөйлей білу мәдениеті мен жазбаша мәдениетке баулу.Логикалық ойлау танымық танымдық қабілеттерін дамыту.

Өткізілетін орны: ЖШС Асыл «Раушан Үкібас» негізгі орта білім беретін жекеменшік мектебі
Қатысушылар: Мектеп ұстаздары

Кіріспе сөз

«Бастауыш -білім тұғыры»: тақырыбында Мектеп директорының оқу ісі жөніндегі орынбасары Г.Мырзабекова Оқытуды оқушылардың ішкі күштері мен потенциалдық мүмкіндіктерін жандандыратындай,олардың дамуын жеделдететіндей етіп ұйымдастырады, білімге қызығушылығын қалыптастыру
3 «а» сыныбында М.Каражигитова «Екі-амалмен орындалатын есептер шығару» тақырыбында математика пәнінен шебер сынып өткізілді. Ашық сабақта оқыту мен оқытудағы жаңа технологияның әдіс -тәсілдерін және жасанды интеллекттің білім берудегі мүмкіндіктері мен оны қолданылды. Оқушылардын екі амалмен орындалатын есептерді шығару үшін алдымен қысқаша шартын құрып, есептің сұрағына жету үшін қандай белгісіз шаманы алдын ала табу керек екенін анықтап, екі амалмен орындалатын есептердің ең көп тараған типтері және олардың шешу жолдары көрсете білді.
2 «а» сыныбыныда «Түбір мен қосымша» тақырыбында қазақ тілі пәнінен шебер сынып өтті. Сабақ барысында түбір мен қосышаны ажырату,әріптік қателерді тауып және құраған сөйлем құрады. Оқыту мен оқытудағы жаңа әдіс тәсілдердегі оқылым, тыңдалым, жазылым, айтылым төрт дағдылары мен АКТ-ны пайдалану арқылы жасанды интеллектті қолданудың тиімді қолданды.
4 «а» сыныбында Ж.Ахметова «Ілік септік» тақырыбында қазақ тілінен шебер сынып өтті.Сабақта жаңа технология элементтерін қолдануда төрт дағды және Акт -ны қолдануды. Сөйлеу тілін, ой өрісін дамыту арқылы пәнге деген қызығушылын арттыру топпен жұмыс істей білу саутты жазуға дағдыландырылды.
Қорытындылау және марапаттау сөз сөйлеп, алдағы жұмыс бағыттары айқындалды.

Қорытынды сөз:
Мектеп директоры Б.Т.Адильбекова апталықта шебер сынып және ашық сабақ өткізген пән мұғалімдеріне жоғары деңгейде өткенін,

қатысушылардың оқытудағы жаңа технологияларын әдіс-тәсілдерін және жасанды интеллект құралдарын қолданудағы тәжірибелерінің маңызды екенін атап өтті. Ол барлық мұғалімдерге жаңашыл тәсілдерді мектептің оқу процесінде белсенді пайдалану қажеттігін тапсырды.

Директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары Г.Мырзабекова шебер сынып және ашық сабақ білім беру сапасын арттыруға оң әсерін тигізетінін айтты. Мұғалімдерге жаңалықтарды қолдану арқылы оқушылардың білімін жақсартуға мүмкіндік беру керек деп, барлық оқытушыларды жаңа технологияларды енгізуге шақырды.

Сонымен қатар аттестацияға өтетін пән мұғалімдердің аттастаттция кезіндегі ашық сабақты талдау – бұл мұғалімнің кәсіби шеберлігін, оқушылардың білім сапасын арттырудағы әдіс-тәсілдерін жан-жақты бағалау процесі.

Төменде комиссия мүшелеріне арналған сабақты кешенді талдау құрылымы ұсынылған:

1. Сабақтың мақсаты мен жоспарлануы

1.Мақсаттың нақтылығы: Сабақтың мақсаты SMART критерийлеріне сай (нақты, өлшемді, қолжетімді, уақытқа шектелген) құрылуы тиіс.

2.Педагогикалық тәсіл: Оқу бағдарламасына, оқушылардың жас ерекшеліктеріне және *Блум таксономиясы* негізінде сараланып жоспарлануы қажет.

2. Оқушылардың іс-әрекеті және саралау

1.Белсенділік: Сыныптың сабаққа толық тартылуы, жетелеу сұрақтары арқылы оқушылардың өз ойын дәлелді жеткізе алуы.

2.Саралау тапсырмалары: Деңгейлік тапсырмалардың (жеке, жұппен, топпен жұмыс) сабақтың мақсатына жетудегі тиімділігі.

3. Бағалау жүйесі

1.Критериалды бағалау: Бағалау критерийлері мен дескрипторлардың нақты әрі оқушыларға түсінікті болуы.

2.Кері байланыс: Мұғалім тарапынан берілетін қолдаудың (мадақтау, бағыттаушы сұрақтар, түзету) уақтылы және сапалы болуы.

4. Мұғалімнің шеберлігі (педагогикалық этика)

1.Уақытты тиімді пайдалану: Сабақ кезеңдерінің (кіріспе, негізгі бөлім, қорытынды) ұтымды бөлінуі.

2.Тілдік дағдылар: Мұғалімнің сөйлеу мәдениеті, пәндік терминологияны дұрыс қолдануы және сыныппен психологиялық жағымды байланыс орната алуы.

Ашық сабақты талдау кезінде өзара пікір алмасу, оңтайлы шешімдерді табу және кемшіліктерді жою маңызды атап өтілді.

Жалпы атап айтқанда шебер сынып және ашық сабақтарды апталықта жоғары деңгейде көрсеткен пән мұғалімдерге марапаттау ұсынылды

Шебер сынып және ашық сабақ көрсеткен пән мұғалімдері өз пікілерінде ұсыныстарын айтып өтті:

1.Жасанды интеллект құралдарын қолданудың сабақтарда оқушылардың тілдік дағдыларын дамытуға үлкен ықпал ететінін айтты. Ол бұл тәсілдерді өз тәжірибесінде қолдануға дайын екенін жеткізді.

2.Математика сабағында жасанды интеллектіні (ЖИ) қолдану оқушының логикалық ойлауын арттырады, есеп шығару процесін жекелендіреді және күрделі ұғымдарды визуалды түрде түсінуге көмектеседі.

3.Шебер сынып және үлгілі ашық сабақ көрсеткен пән мұғалімдерге марапаттау ұсынылды.

ДОІЖО: **Г.Мырзабекова**

Хатшылар:

А. Утегенова
К.Курбанова

ЖШС Асыл «Раушан Үкібас» негізгі орта білім беретін жекеменшік мектебі

Оқыту семинары

Тақырыбы
«Жасанды интеллект: білім берудегі тәжірибе алмасу»

2025-2026 оқу жылы

«Келісемін»
Директордың оқу ісі
жөніндегі орынбасары
Г.Мырзабекова

«Бекітемін»
Мектеп директоры
Б.Т. Адильбекова

Тақырыбы: «Жасанды интеллект: білім берудегі тәжірибе алмасу»

Мақсаты: Мұғалімдер арасында жасанды интеллект құралдарын қолдану бойынша тәжірибе алмасу, білім беру үдерісін жетілдіру және инновациялық тәсілдерді енгізу жолдарын қарастыру

Күтілетін нәтиже жасанды интеллект пен цифрлық технологиялардың оқыту процесін жақсартудағы рөлі
Оқу үдерісін жетілдірумен қатар баланың шығырмашылық, рухани адамгершілік, эмоционалдық және дене дамуы қамтамасыз етіледі. Оқушының оқуға деген оң мотивациясы қалыптасады

Өтетін орны: Информатика кабинет
Өтетін күні: 08.01.2026 ж

Қатысушылар: Мектеп директоры,оқу орынбасарлары ұстаздар

Оқыту семинардың жоспары өткізілетін іс-шаралар жоспары
08 қаңтар
2025-2026 оқу жылы

Ұйымдастыру І-бөлім						
№	**Өтілуі**	**Тақырыбы**	**Өтетін орны**	**Қатысу шылар**	**Уақыты**	**Жауапты**
1	Кіріспе сөз	«Жасанды интеллект: білім берудегі тәжірибе алмасу» »	Информатика	Мектеп әкімшілігі, ұстаздар	Сағат 09:50	Әдіс бірестік жеткшісі
Негізгі **ІІ-бөлім**						
№	**Кабинет**	**Тақырыбы**	**Өтетін орны**	**Уақыты**	**Пән мұғалімі**	
1	Информатика	«Жасанды интеллект және оның информатикадағы рөлі»	Информатика	10:00-10:30	Сәрсенбай Бексұлтан	
2		Жаңартылған білім беру бағдарламасы бойынша бастауыш сыныпта қолданылатын әдіс-тәсілдер»	Бастауыш мұғалімі	10:30-11:30	Бұлытбаева Гүлайым	
3		«Құжаттарды QR код арқылы жасау»	Химия	10:30-11:00	Каухар Лаура	
4		«Жасанды интеллект математика сабағында»	Математика	11:00-11:30	Дәулетқызы Асел	
5		«Қазақ тілі сабағында мақсатқа жетудегі жасанды интеллект»	Қазақ тілі	11:30-12:00	Курбанова Марал	
6		Жасанды интеллект мүмкіндіктері»	Тарих	12.00:12:30	Утегенова Ақерке	
Қорытындылау **ІІІ бөлім**						
№	**Қорытынды**	**«Жасанды интеллект: білім берудегі тәжірибе алмасу»**	Пән мұғалімдері	12:30-13:00	Қатсушылар	
1	Қорытынды сөз мектеп директоры ,ДОІЖО	**Пікір талас**	Мұғалімдер	Марапаттау	Ұстаздар	

Оқыту семинар педагогтердің «Жасанды интеллект: білім берудегі тәжірибе алмасу»

ХАТТАМАСЫ

Мақсаты: Мұғалімдер арасында жасанды интеллект құралдарын қолдану бойынша тәжірибе алмасу, білім беру үдерісін жетілдіру және инновациялық тәсілдерді енгізу жолдарын қарастыру.

Өткізілетін орны: ЖШС Асыл «Раушан Үкібас» негізгі орта білім беретін жекеменшік мектебі
Басталу уақыты: 08.01.2026 ж. сағат 10:00
Қатысушылар: Мектеп ұстаздары

Кіріспе сөз

Жасанды интеллект және цифрлық технологиялар: Мектеп директорының оқу ісі жөніндегі орынбасары Г.Мырзабекова жасанды интеллекттің білім берудегі маңызы мен мүмкіндіктері туралы баяндама жасады. Ол жасанды интеллект пен цифрлық технологиялардың оқыту процесін жақсартудағы рөлін талқылады.
Тарих пән мұғалімі Утегенова Ақерке **«Жасанды интеллект мүмкіндіктері»** жасанды интеллекттің білім берудегі мүмкіндіктері мен оны қолданудың артықшылықтарын айтып, тәжірибесімен бөлісті. «**Қазақ тілі сабағында мақсатқа жетудегі жасанды интеллект»** М.Курбанова
Қазақ тілі сабағында жасанды интеллектті қолданудың тиімді жолдары мен әдіс-тәсілдерін ұсынды.
«Жасанды интеллект математика сабағында» Ә. Дәулетқызы жасанды интеллекттің математикалық білім беру барысында қолданылуын, әсіресе есеп шығарудағы тиімділігін атап өтті. **Құжаттарды QR код арқылы жасау** Каухар Лаура QR код арқылы тапсырмаларды автоматтандыру және тапсырмаларды тез әрі тиімді түрде беру әдістерін көрсетіп, жаңаша тәсілдерді талқылады. **«Жасанды интеллект және оның информатикадағы рөлі»** Б.Сәрсенбай информатика сабағында жасанды интеллектті қолданудың түрлі әдістері мен тиімділігін айтты. **Жаңартылған білім беру бағдарламасы бойынша бастауыш сыныпта қолданылатын әдіс-тәсілдер** Г.Бұлытбаева жаңартылған білім беру бағдарламасы бойынша бастауыш сыныптарда жасанды интеллекттің қалай қолданылатынын көрсетті.
Қорытындылау және марапаттау сөз сөйлеп, алдағы жұмыс бағыттары айқындалды.

Қорытынды сөз:

Мектеп директоры оқыту семинардың жоғары деңгейде өткенін, қатысушылардың жасанды интеллект құралдарын қолданудағы тәжірибелерінің маңызды екенін атап өтті. Ол барлық мұғалімдерге жаңашыл тәсілдерді мектептің оқу процесінде белсенді пайдалану қажеттігін тапсырды.

Директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары Г.Мырзабекова оқыту семинардың білім беру сапасын арттыруға оң әсерін тигізетінін айтты. Мұғалімдерге

жаңалықтарды қолдану арқылы оқушылардың білімін жақсартуға мүмкіндік беру керек деп, барлық оқытушыларды жаңа технологияларды енгізуге шақырды.

Қазақ тілі мен әдебиеті пән мұғалімі М.Курбанова өз пікірінде, семинарда ұсынылған жасанды интеллект құралдарын қолданудың қазақ тілі сабағында оқушылардың тілдік дағдыларын дамытуға үлкен ықпал ететінін айтты. Ол бұл тәсілдерді өз тәжірибесінде қолдануға дайын екенін жеткізді.

Тарих және география пән мұғалімі А.Утегенова тарих сабағында жасанды интеллектті қолдану туралы өз ұсыныстарын айтып, оқушыларға тарихи ақпараттарды жедел әрі нақты түрде жеткізу үшін цифрлық құралдардың тиімді екенін атап өтті. География пән сабағында жасанды интеллектті қолдану арқылы картографиялық мәліметтерді оңай әрі тиімді көрсетуге болатынын атап өтті. Ол бұл тәсілдің оқушылардың география пәніне деген қызығушылығын арттыратынын айтты.

ДОІЖО: **Г.Мырзабекова**

Оқыту семинар хатшысы **А. Утегенова**